

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 2)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Автоматтық тіндік процессор	<p>Бұл автоматтық тіндік процессор екі түрлі бағдарламаны бір уақытта параллельді өндеуге арналған және 440 кассетаға дейін сыйымдылығы бар. Параллельді жұмыс режимі арқасында екі түрлі бағдарламаны, соның ішінде парафинмен сініруді немесе жедел биопсияны 1 сағаттан аз уақытта орындауға мүмкіндік береді. Бұл шешім гистологиялық зертханалар үшін жоғары өнімділікті, тиімділікті және жедел нәтижелерді қамтамасыз етеді.</p> <p>Негізгі артықшылықтары:</p> <p>Екі түрлі бағдарламаны бір уақытта жүргізу мүмкіндігі Жедел биопсияларды 1 сағаттан аз уақытта өндеу 15 станциясы бар жабық сзыбыты өндеу жүйесі Магниттік арапастырығыш арқылы еріткіштердің тиімді араласуы Еріткіштердің буланып кетуін болдырмау және шығынды азайту 18 өндеу бағдарламасын сақтау мүмкіндігі Үлгілерді қорғау және бағдарламаларды қалпына келтіру функциясы Техникалық сипаттамалары Сыйымдылығы: шамамен 440 кассета ($2 \times \sim 220$ кассета) Ваннаның көлемі: шамамен 2,3 л Тіндерді өндеу уақыты: 5 минуттан 10 сағатқа дейін реттеледі Бағдарламалау: әр станция үшін жеке параметрлерді орнатуға болады Бағдарламаларды сақтау: 18 өндеу бағдарламасы (15 + 3 себетті тазалау) Температура диапазоны: Парафин: $+30^{\circ}\text{C} - +70^{\circ}\text{C}$ Реагенттер: $+30^{\circ}\text{C} - +50^{\circ}\text{C}$ Уақыт: әр станция үшін 1 минуттан 10 сағатқа дейін Температураны басқару: әр станция үшін жеке реттеу мүмкіндігі, қауіпсіздік термореттегішімен Вакуум және қысым: айнымалы, іске қосу кезінде тандау мүмкіндігі Басқару режимі: қолмен немесе автоматты Бағдарламаны тоқтату: үлгілерге қол жеткізу мүмкіндігімен Қосымша мүмкіндіктер: Қысқа бағдарлама, күнделікті режим, түнгі режим, демалыс күнінің бағдарламасы Электр қуаты үзілген жағдайда бағдарламаны және үлгіні қорғау Бағдарламаларды қалпына келтіру, ұзақ үзілістер кезінде үлгілерді қорғау ваннасына орналастыру Қайта іске қосу функциясы Қауіпсіздік және қорғау жүйесі Электр қуаты үзілген жағдайда авариялық қорек Еріткіш буларын сініретін көмір сүзгісі және желдету жүйесіне қосылу мүмкіндігі Әр станция қақпақпен жабылған</p>	1

		Корпус қорғаныс қабатымен қапталған Зиянды буларды шығаруға арналған құрылғы Сыртқы қауіпсіздік жүйесіне қосылу мүмкіндігі Принтерге қосылу мүмкіндігі Габариттері және қуат көзі Өлшемдері (Е × Т × Б): 1290 × 715 × 730 мм Салмағы: 140 кг Электрмен жабдықтау: 230 В / 50/60 Гц / 950 ВА Жабдықтау құрамы Магниттік араластырғыш Көмір сұзгісі	
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ККС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шарттымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуі талап етсе, тауардың құнына міндетті түрде барлық қажетті қызметтер, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері енгізілуі тиіс.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуіші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологи ялық, табигатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауырталған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 60 (алпыс) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.

